

Түркістан қаласы әкімдігінің білім бөлімі
Әдістемелік кабинет

**Сындарлы оқыту теориясына негізделген әдіс-тәсілдерді
оқу үдерісінде пайдалану жолдарының тиімділігі**

Түркістан 2017



Аты жөні: Шегенова Рахия Абдуәліқызы

Туылған жылы: 21.10.1968

Білімі: Жоғары

Мамандығы: Бастауыш сынып мұғалімі

Санаты: жоғары

Еңбек өтілі: 28 жыл

Аннотация

Шегенова Рахия Абдуәліқызы 1986 жылы Түркістан қаласындағы Ғ.Алтынсарин атындағы педагогикалық училищесіне тусіп, «Мектепке дейінгі тәрбиеші» мамандығын бітірген. 1990 жылдан бастап «Майдантал» жалпы орта мектебінде еңбек етіп келеді.

Шығармашылық тақырыбы: «Оқушыларды ойын элементтерін пайдалана отырып дамыта оқыту»

Тәжірибе идеясы:

- Сапалы білім мен патриоттық тәрбие беру.
- Оқудағы ойын элементтерін пайдалану арқылы қызығушылығын арттыру.
- Жаңа технология элементтерін сабақта тиімді қолдану.
- Оқушылардың іскерлік дағдысын, ізденімпаздылығын қалыптастыру.
- Оқушылардың белсенділігін дамыту.
- Дамыта оқу белсенділігін дамыту
- Жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

Ізгілік жолында

Шегенова Рахия Абдуәліқызы 1968 жылы 21 қазанда Қызылорда облысында дүниеге келген. 1986 жылы Түркістан қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық училищесіне түсіп, «Мектепке дейінгі тәрбиеші» мамандығын бітірген. Еңбек жолын өз аулындағы «Ақ қайың» балабақшасында тәрбиеші боп бастаған. 1990 жылдан бастап «Майдантал» жалпы орта мектебінде еңбек етіп келеді. 2006 жылы Түркістан қаласындағы ХҚТУ-дің «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығын бітіріп шығады.

Балаларға білім беру ісінде қазіргі заман талабына сай жаңа технологиялық әдістерді тиімді қолдана отырып, шығармашылық жұмыс жасап келеді. Мектепте түрлі тәлімдік, тәрбиелік мәні зор тәрбие сағаттары мен ашық сабақтар өтіп отырады.

Қалалық, мектепшілік, қала әкімінен Мақтау қағаздарын алған.

Ж. Асылбек 2013 ж Қалалық білім бөлімі «Білім берудің инновациялық стратегиясы- мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның тұрақты даму факторы» тақырыбындағы пед. оқудан II орынға ие болған.

2017 жылы тамыз педагогикалық оқуда **«Бастауыш мектеп сыныптарында тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайлау және ұжымды қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық тәсілдері»** атты тақырыпта қорғап, II орынға ие болып, марапатталды.

Қалалық семинар бойынша «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сынып пәндерін оқытудың әдістемелік негіздері» үлгілі ашық сабағы үшін 24 ақпан 2017 жыл Бөлім басшысы Б. Шойбековтың Мақтау қағазымен марапатталды.

INTOLIMP республикалық дарынды жастар порталына қашықтықтан өткізілген 2 шәкірттердің жүлделі орындар иеленгені үшін бас редактор Көркем Аблаеваның жетекшісі өзіме Алғыс хат Астана 2017 ж марапатталған.

2017 жылы республикалық бастауыш олимпиадасынан оқушылары Әніш Саня математика пәнінен

I орынға, Дарибай Аяғөз Алғыс хатқа ие болды.

Оқушыларының өлеңдері, суреттері қалалық «Түркістан», «Үстаз», «Түркістан ұланы», «Жан сарайы» республикалық журналдарға жарияланған.

Менің шығармашылық жұмысым

Мен өз шығармашылық жұмысымның тақырыбы: «Оқушыларды ойын элементтерін пайдалана отырып дамыта оқыту» деп алдым. «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулін жиі қолданамын.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырмастан бұрын, біз мұғалімдер қауымы өзімізде сыни тұрғыдан ойлау дағдыларымыз қалыптасуы тиіс. Себебі біз не істесек оқушыларда солай қарай бағытталады, балаға біз тәрбие берсек оқушылар сол бағытта тәрбиеленеді. Балаларды сыни тұрғыдан ойлауға тәрбиелеу арқылы біз олардың бойынан мынадай ерекшеліктерді байқай аламыз. Ұтқырлық, сынаржақтылықтың болмауы, пайым, тәртіп, өзіндік сана сезім. 1990 жылдан бастап өз сабақтарым да пайдаланып келе жатқан бұл технологияның оқушылардың ойлау, қабылдау қабілетін дамытуға, сонымен бірге топтық және жұппен жұмыс жасай білуге тиімді жақтарын, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, ізденіштік пен байқампаздығын дамытып, өз ойы мен өмірге деген көзқарасы қалыптасқан жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор екенін байқадым.

Бастауып мектепке жаңадан келген әрбір шәкіртіне тұлғааралық қарым-қатынас жасай білуге ұстаздың міндеті ұлан асыр. Егер мұғалім оқушымен сенімді қарым-қатынас орната білсе, ықылысын ойтса, онда өзінің педагогикалық мақсаттарына жеткендігін сенімділікпен айтуға болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы Джинни Л.Стил, Куртис С. Мередит, Ч.Тэмпл, Ж.Пнаже, Л.С.Выготский секілді әлемнің әр түкпірінен білім берушілердің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады. Олар: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс деп аталады. Әр кезеңдегі іс-әрекеті жүзеге асыратын: «Топтау», «Түртіп алу», «Ой қозғау», «Жұпта талқылау», «Әлемді шарлау», «Бес жолды өлең», «Вени диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта» сияқты 60-қа жуық стратегиялары (әдістері) бар.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты: шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлау сабақтарының негізінде оқушыларым мыналарға қол жеткізді:

* өз ойын еркін айта білуге

* пікір алмасуға

* жұппен жұмыс істеу арқылы өзгенің пікіріне құлақ асуға

* топпен жұмыс істеу арқылы бірлесе жұмыс жасауға

* мұғалімнің алдында өз ойын, пікірін айтып, қорғай білуге

* жан-жақты ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасауға

Сабақтарында ең көп қолданылатын стратегиялар арқылы оқушы еңбектерінен мысал келтіре кетейін.

Сынып: 3 «А»

Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктердің көптүрлігі

Мақсаты: Өсімдіктердің өсетін орта жағдайларының алуан түрлілігі туралы түсінік алады. Логикалық ой-өрісін дамыту барысында татқырлыққы, танымдық қабылдауын арттыруға дағдыланады. Табиғатты сүюге, қорғауға, өсімдіктерді күтуге, оны өсіру жолын үйрене түседі.

Күтілетін нәтиже: Өсімдіктің алуан түрлілігі туралы біледі, тани бастайды, білімдерін бекітеді.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, еңбек, сурет

Тілдік құзыреттілік

Өсімдік-растение

Қызыл- красный-

Жасыл-зелёный-

Сары-жёлтый-

Ағаш- дерево-

Бұта- куст

Шөп-сено

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық ахуал Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді

Қайырлы күн-табиғат.

Жайқалып өссін- өсімдік.

Жайнай берсін-орманымыз

Биік болсын-тауларымыз.

1. Ой-толғаныс



КӨКІ



НАШЫ



ҮЛ



ШАҒЫРА



ЭМБЕ



КАРМАН



Мына өсімдіктен не байқап тұрсыңдар?

-Жапырақтары өзгеше

-үлкен-кіші ағаштар

- көп жылдық

II. Жаңа сабақ:

Өсімдіктердің көптүрлігі.

Көрсетілген видео роликтен соң сұрақтарға жауап беру.



1. Өсімдіктің неше түрі бар?
 2. Роликтен нені көріп отырсындар?
 3. Өсімдіктер қай жерде өседі?
 4. Өсімдіктер дегеніміз не?
- Сергіту сәті: «Ақ бұлақ» әні бейнероликтен қарап жаттығу жасайды.

III. Сыни тұрғыдан ойлану



Ой-қозғау. Менің ауылымның табиғатының суреті



Ауылдың ағаштарына, гүлдеріне сипаттама береді.



I-топ

1. Өсімдіктердің сыртқы орта жағдайларына бейімділігін ата?

II-топ

1. Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызын ата?

III-топ

1. Өсімдіктердің табиғаттағы маңызы қандай?

Постер қорғау (топмен)

1. Ағаштар суреті
2. Балме өсімдігінің суреті



IV. Бекіту.

Бүгінгі сабақ бойынша алған білімдерін пысықтау/тест/.

Өсімдіктердің көп түрлілігі бойынша пысықтауға арналған тест. Слайдтан көрсету, кілгі бойынша жұпмен тексеріп, бағалау.

V Қорыту

- Санаулы күннен кейін қандай жыл мезгілі келеді?
- Көктемнің ерекшелігі неде? Сәні неде?
- Оқушылар пікірі

Хормен: Табиғат Ана, құшағын саялайық,
Қорғау үшін күш-жігер аямайық,
Ол болмаса, сен жоқсың, осыны ұқ!
Адамзат! Табиғатты аялайық!



VI Бағалау. Әр топ басшысыөз тобын бағалайды.

Әр топтың гүл күлтелерін жинаған ұпай санын анықтайды. Жеңген топ медальға ие болады. Бүгінгі сабақтың жеңімпаздарын марапаттау.



VII Үйге: Мәтінді оқып мазмұндау, өсімдіктердің көп түрлілігінің суреттерін жинақтап альбом жасау, мәлімет жинақтау.

Кері байланыс. **Екі жұлдыз, бір тілек.**

Аты: _____ Сабақ не туралы болды? _____

Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?

1. Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? Екі жұлдыз беріңіз.

2. Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? Бір тілек беріңіз.

3. Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? Бір тілек беріңіз.